

Кел,жаңа жыл.

1.Саламатсыздарма құрметті жиналған қауым ,ата –аналар
.Баршаңызға жаңа 2023-жаңа жыл құтты болсын .

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа орап алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймыз бәріңді.

Бақыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы .

Қол соғып қарсы алайық ,

Шақырайық ортаға

Ертенгілік басталсын

Балауса тобында

Балалар келіп шыршаны айналып тұрады .

2.Балалар біздің Аяз Атамыз алыс сапарда жур екен.Олар
келгенше біз баріміз бірге қосылып ,»Жана жыл» әнін орындайық .

**Жүргізуші.Жарайсыңдар балалар енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз
атаны шақырайық .Ол орманда адасып кеткен шығар .**

Балалар .Аяз Ата ,Аяз Ата –деп шақырады .

Аяз атаның орнына мыстан кемпір ұшып келеді де ,шыршаны бір айналып
шығып , қонактар алдына барады .

Мыстан .Ой мен қайда келдім ,Ааа мен Ақшақармын мені
танымадыңдарма.

Балалар.Жоқ сен Ақшақар емессің.

Мыстан.Пай-пай мына шыршаның кереметінай ,

«еңкейіп түбімен жұлып алғысы келеді .»

Жүргізуші.Мыстан кемпір біз сізді танып қойдық,біз жаңа жылды тойлап
жатырмыз ,тименіз шыршаға .

Мыстан .мына шыршаның түбі өте мықты екен ,шаршап қалдым (терін суртіп шамалы демалайын.

Жүргізуші.Балалар бізге қонақ келе жатыр –ау .

Музыка ырғағымен жаңа жыл «Қоян» кіріп келеді .



Қоянның сөзі.Армысыздар халайық .

Бармысыздар халайық.

Жаңа жылда жұп жазбай

Келіңіздер қарсы алайық .

Жүргізуші.Ой жаңа жыл жақсы келдіңіз ,мына мыстан шыршаны ұрлагысы келіп жүр,ал бізде жана жыл енді басталгалы жатыр .

Қоян.Мыстан кемпір бұл не қылығын ,балалар осы күнді асыға күткенін білесің бе.Оданда балалардың өнерін тамашаламайсыңба ,кел балалардың биін бірге тамашалайық .

Жүргізуші.Ортада Қояндар биін тамашалаңыздар .Балсезім ,Мансур.Жайна София .

Жүргізуші.Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып .

Келді алыс сапапдан

Аяз ата оралып .

Ортаға Аяз атамен Қаршақызды шақырамыз .

Балалар. Аяз ата деп шақырады .

Аяз ата . Ақ қырауға малынған сақалым да мұртымда

Аяз ата сағынған ,сәлем берем жұртыма.

Аяз ата .Ақшақарым ,біз әні-мен сәні жарасқан ,ұл-қызы өнерлі ,халқының бірлігі мол ,берекелі елге келген екенбіз .Мен өте қуаныштымын .

Ақшақар .Ия Аязата бул өзіміздің сағына көруге аңсаған «Адель» балабақшасының «Балауса « тобының балапандары екен .Аяз ата балалардың бізге дайындаған биін тамашалайық .

Ортада балапандар биі .





Жүргізуші. Аяз ата сіздің көмегіңіз керек ,мына мыстан мейрамымызды бұзбақшы .

Аяз ата . таяғымен қорқытып ,мыстанды ортадан қуып жібереді .

Жүргізуші . Аяз ата сіз біздің балалармен бірге би билеуге қалай қарайсыз.

Аяз ата.Әрине балалар сендермен билеуге қуана –қуана келісемін .

Балалармен бірге Аяз ата «Санта клаус» биін бірге билейді .

Жүргізуші. Келер жаңа жылында ,жақсылығымыз көп болсын ,

Ашық болсын аспаның ,аман болсын жас-кәрің .

Келер жаңа жылда аман есен кездескенше аман сау болыңыздар .Келгендеріңізге көп –көп рахмет .

